L00031 28.11.2020 ж

Ауа райы деген не?

ТЛЕУМАГАНБЕТОВА ГУЛМИРА УТЕГЕНОВНА
Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
«№6 жалпы білім беру орта мектебі»КММ.
Бастауыш сынып мұғалімі

Сабақ	Дүниетану.
Сынып	1 сынып
Ортақ тақырыбы:	Бізді қоршаған орта
Сабақтың тақырыбы	Ауа райы деген не?
Бөлім	2.Елімнің табиғаты
Бөлімше	2.2 Климат және ауа райы
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	**1.2.2.1 ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау** 1.2.3.1 Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытта өткізу мүмкіндіктеріне анықтау
Сабақ мақсаттары	ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтайды.
	ауа райын шартты белгілер арқылы оқиды
	табиғатта бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін анықтайды.
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері күтілетін нәтиже)	ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтайды. ауа райын шартты белгілер арқылы оқиды. табиғатта бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін анықтайды.
Тілдік мақсат	Жыл мезгілдері ауысуының маңызын түсінеді.
Үш тілділік	Ауа райы-погода-weather
Сөз тіркестері, терминдер	Ауа райы,жаңбыр,бұлтты,ыссы,суық,ылғалды

Талқылауға арналған сұрақтар	Жаз мезгілінің қандай айларын білесіңдер? Табиғатты қорғауға қандай үлес қосар едің? Қазір қандай жыл мезгілі? Жылдың әр мезгілінде қандай ойын ойнайды? Сурет бойынша жыл мезгілдерін ажыратып жазу.
Құндылықтарды дарыту:	Еңбек және шығармашылық:Оқушыларды бір-біріне құрмет көрсетуге,сыйлауға,табиғатты қорғауға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Сауат ашу,бейнелеу,жаратылыстану
АКТ қолдану дағдылары Ресурстар	Оқулық,суреттер,топқа бөлуге арналған кесте қағаздар,кері байланыс, АКТ
Алдыңғы оқу	Мен қайда тұрамын?

Жоспар	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар
Басталуы	1.Психологиялық ахуал Оқушылармен сәлемдесу Сәлеметсіздер ме,балалар! Оқу,білім-жанған шырақ,ойласаң, Үйренерсің,іздеп көрсең,қоймасаң Қу өнерді,бу беліңді,жігер сал Пайда аларсың,қаужанарсың,таймасаң 4 топқа бөлу, бетшелерін тарату 1 топ Қыс. 2 топ Көктем. 3 топ Жаз. 4 топ Күз. Оқу мақсатын хабарлау Бүгін сен білетін боласың -жыл мезгілінің өзіне тән белгілерін; -жыл мезгілдерін салыстыруды -ауа райының адамға әсерін анықтауды
Ортасы	**1 тапсырма** Сабақ мақсаты: ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтайды Белсенді оқыту әдістеру: топтық жұмыс «Постер қорғау» әдісі.

	Комуникативтік дағды: оқылым және тыңдалым-айтылым Ойлау деңгейі білу, түсіну, қолдау. Ресурс:Төрт мезгіл суреттер,оқулық. Саралау: «Қарқын» тәсілі Ұжымдық жұмыс. Суретке қарайық. Қандай жыл мезгілдері суреттелген. Жыл мезгілдерін сипаттаңыздар. Топтық жұмыс. Төрт топ төрт жыл мезгілін бөліп алып, өзіндік ерекшелігін атап, оның іс-әрекетін анықтайды. 1-топ.Көктем мезгілі. Адамдар қалай киінеді? Көктем мезгілі туралы не білесің? Көктем мезгілінде адамдар қалай киінеді? Көктемде қандай ойындар ойнайсыңдар? 2-топ.Жаз мезгілі. Адамдар қалай киінеді? Жаз мезгілі туралы не білесің? Жаз мезгілінде адамдар қалай киінеді? Жазда қандай ойындар ойнайсыңдар? 3-топ.Күз мезгілі. Адамдар қалай киінеді? Күз мезгілі туралы не білесің? Күз мезгілінде адамдар қалай киінеді? Күзде қандай ойындар ойнайсыңдар? 4-топ.Қыс мезгілі. Адамдар қалай киінеді? Қыс мезгілі туралы не білесің? Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді? Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар? Дескриптор:

	Адамдардың жыл мезгіліне қарай қалай киінетінін біледі Әр жыл мезгілі туралы әңгімелейді. Әр жыл мезгіліне сай киінуді біледі. Әр жыл мезгіліне сай ойналатын ойындарды біледі. Бекіту сұрағы Жылдың әр мезгілі немен ерекшеленеді? ҚБ (Жұлдызшалар арқылы бағалау) **2 тапсырма.** Сабақ мақсаты: ауа райын шартты белгілер арқылы оқиды Белсенді оқыту әдістеру: жұптық жұмыс «Шартты белгілер» әдісі. Комуникативтік дағды: тыңдалым-айтылым, жазылым Ойлау деңгейі білу, түсіну, қолдау. Ресурс. Шартты белгілер,суреттер,оқулық Саралау: Қарқын А жұбы. Өздерің тұратын елді мекенді сипаттаңдар.Қай жыл мезгілі екенін айтыңдар. Суреттерді пайдаланыңдар. Суретке қарап, ауа райы қалай өзгеріске түсетінін айтыңдар. Дескриптор. Өздері тұратын мекенді сипаттайды. Қай жыл мезгілі екенін айтады Суреттерге сай ауа райын әңгімелейді. В жұбы. Өздерің тұратын елді мекенді сипаттаңдар. Шартты белгілерді пайдаланып, жыл мезгілінің ауа райын білдіретін сөзбен сәйкестендіріңдер Ауа райы қалай өзгеріске түсетінін айтыңдар. Шартты белгілерді есте сақтаңыздар.



Дескриптор.
Өздері тұратын мекенді сипаттайды.
Қай жыл мезгілі екенін айтады
Шартты белгілерге пайдаланып, жыл мезгілінің ауа райын білдіретін сөздермен сәйкестендіреді.
Шартты белгілерді есте сақтайды.

С жұбы.
Өздерің тұратын елді мекенді сипаттаңдар. Сөздерді пайдаланып, шартты белгілерді сәйкестендіріңдер.



Дескриптор.
Өздері тұратын мекенді сипаттайды-1
Қай жыл мезгілі екенін айтады-1
Сөздерді пайдаланып, шартты белгілерді сәйкестендіреді-1
Сөздің мағыналарын айтады-1
ҚБ «Ауа-райы» әдісі
3- тапсырма.
Сабақ мақсаты: табиғатта бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін анықтайды.
Белсенді оқыту әдістеру: жеке жұмыс «Шартты белгілер » әдісі.
Комуникативтік дағды: тыңдалым-айтылым, жазылым
Ойлау деңгейі білу, түсіну, қолдау.

	Ресурс.суреттер,А4 Саралау: Қарқын. А оқушы. Пазлды құрастырады. Табиғатта бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін анықтайды. Дескриптор. Пазл құрастырады Жыл мезгіліне сай бос уақытын қалай өткізетінін айтады. В оқушы Суретке қарап, сөйлем құрастырады. Бос уақыты туралы әңгімелейді. Дескриптор. Суретке сай сөйлем құрайды Жыл мезгіліне сай бос уақытын қалай өткізетінін айтады. С оқушы Суретке қарап, мәтін құрастырады. Бос уақытымен байланыстырып сөйлейді.  Дескриптор.

	Суретке сай мәтін құрайды Жыл мезгіліне сай бос уақытын қалай өткізетінін айтады. ҚБ «Күн шуағы » әдісі
Аяқталуы	ҚБ(смайликтер арқылы бағалау) Сабақты қорыту: ҰЖ кестемен жұмыс. Бүгінгі ауа райын бақылау. Кері байланыс. Тапсырманы орындай алмадым. Аздап қиналдым. Тапсырманы орындай алдым.

L00032 28.11.2020 ж

Ю әрпінің жазылуы

ШАРИПОВА ЭЛЬВИРА ТАНАТАРОВНА

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы № 6жалпы білім беру орта мектебі КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Қазақ тілі	**Мектеп: «№ 6 жалпы білім беру орта мектебі» КММ**
Күні:24.09.19ж.	**Мұғалімнің есімі:**
СЫНЫП: 2	**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**
Бөлім	Тыңдалым және айтылым
Бөлімше	Тыңдағаны бойынша өз пікірін білдіру
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	2.1.6.1-интонацияны ,вербалды емес тілдік құралдары(қимыл,ым-ишара)қолданып, тақырыпқа (Сіз не ұсынар едіңіз?)назарын аударту 2.2.4.1.-мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.3.4.1.-мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді,сөйлем,суреттерді пайдаланып,қарапайым постерқұрастыру 2.4.1.1.- ю әрпінің емлесін сақтап жазу.
Ортақ тақырыбы	. Өзім туралы

Сабақтың тақырыбы	Ю әрпінің жазылуы
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар**: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.
	Оқушылардың басым бөлігі: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше
	жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.
	Кейбір оқушылар: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды,
	тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Күтілетін нәтиже	Жас ерекшеліктеріне сай тақырыпты меңгеріп,топта талқылайды.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік мақсат	**Оқушылар: :** Ю әрпінің жазылуын ажыратып біледі.
	Негізгі сөздер мен тіркестер: аю ,ою. Көбею, молаю, азаю, үлкею, есею,
	Сарғаю,көркею, Юра,Юля.
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: -Мәтін не туралы айтылған? АЮ МЕН ҚАСҚЫР ТУРАЛЫ
	Талқылауға арналған тармақтар: Аю не деп жауап беруі мүмкін?Ол қасқырға қандай ақыл кеңес берді деп ойлайсың?
	Қосарлы қандай дыбыстарды білесің? Ю әрпін сөзде қалай жазамыз?
	-Дәлелдеп айта аласыз ба? Ю әрпінің жазылуының ерекшелігі.

	Жазылым бойынша ұсыныстар: Я әрпін қатыстырып сөз,сөйлем,әңгіме құрап жазу
Пәнаралық байланыс	Әдебиеттік оқу,көрем еңбек.
Ұлттық құндылықтар	Еңбек және шығармашылық
Ресурс	2-сынып қазақ тілі пәнінің оқулығы. Ғаламтор. Көрнекілігі: сызбалар, деңгейлік тапсырмалар, суреттер
Алдыңғы оқу	.Я әрпінің жазылуы.
Жоспар	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)**
Басталуы 5минут	***Психологиялық ахуал*** **Бағалау парақшасымен таныстыру** **Топтарға бөлу.(Балалардың туған күніне байланысты 4 топқа бөлу .күзде,қыста, көктемде, жазда туылғандар)**
Ортасы 30минут	**Білу және түсіну** **Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.** **Қызығушылығын арттыру.** **«Сақина салмақ ойыны»** -Балалар біз бүгін сақина салмақ ойынын ойнаймыз. Бұл ойынның бүгіінгі ерекшелігі кімнің қолында сақина қалса менің сұрағыма жауап береді? **62-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы. Болат пен Юра құрылыс басына барды. Құрылыста адамдар көп екен. Құрылысшылар 9 қабатты үй салып жатыр. Үйдің бірінші қабатында сылақшылар бригадасы жұмыс істеп жүр.Гүлсара мен Юра тәтей құбырларды қою сырмен сырлады.Ал Марат аға кранда жұмыс істейді. Құрылысшы болған қандай жақсы! Мәтіннің мазмұнын айт. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді теріп жаз. Жазған сөздеріңнің айтылуымен, жазылуын салыстыр. Оқушыларды ережемен таныстыру. **Сөзде йу дыбыстары естілгені мен жазуға олардың орнына ю әрпі жазылады:аю,көркею.**

Сергіту сәті.	**Қолдану**. **Дәптермен жұмыс.** **63-жаттығу.** Жаңылтпашты жатқа жаз. Ою ою ойым бар-ды, Ойналмастан ойын қалды. **Талдау** **Ыстық орындық»** орындық әдісі **(**Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.Ю әрпі қандай дыбыстардан құралады? Мысал келтіріңдер. **Синтез Жұптық жұмыс.** **6 4- жаттығу.** Сөздерді оқы .Олардағы дыбыстар мен әріптерді сана .Дыбыс саны мен әріп санының сәйкеспеу себебін түсіндір. Көбею,молаю,үлкею,есею,сарғаю. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасау. **Топтық жұмыс.** **66-жаттығу.**Оқы. Аю не деп жауап беруі мүмкін?Ол қасқырға қандай ақыл —кеңес берді деп ойлайсың?Осы сұрақтарды басшылыққа алып ,әңгімені әрі қарай жалғастыр. **Аю мен қасқыр** Бірде қасқыр аюлардың қыста ашықпау сырын білгісі келді. Ол **...** Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп-теріп алайық Өалтамызға салайық
Аяқталуы **5мин** Бағалау Кері байланыс	Бағалау парақшасымен бағалау.

	
Рефлексия	**Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.**
Сабақ оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	

L00033 28.11.2020

Тренинг:
"Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынас"

БАСАРОВА МАДИНА ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ
Түркістан облысы. Созақ ауданы. "Созақ" жалпы орта мектеп-гимназиясы. Педагог-психолог

Мақсаты: мектеп пен ата-ана байланыс ынтымақтастығын арттыру, балаға білім беру мен тәрбиелеуде жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып, қиындықтарды бірлесе шешу.
Жұмыс түрі: тренинг.
Нақыл сөздер: "Отан- отбасынан басталады"
Тренингтің барысы:
Тренинг ережесін бекіту
1. Тыңдай білу
2. Сөзді бөлмеу
3. Белсенділік таныту
4. Көңілді отыру

5. Ойын ашық ортаға салу

1. "Жемістер" жаттығуы

Топқа бөлінеміз: «Күн», «Алақан» сөздері арқылы топқа бөлу.

2. "Видеоролик"

Ата-ана видеороликті көргеннен кейін постер қорғайды.

— Сіздер осы оқиғадан түйген өз ойларыңызбен бөліссеңіздер?

3. Сұрақтар:

1. Мектепке өз тарапыңыздан сенімділік білдіресіз бе?
2. Мектеп пен тығыз қарым-қатынастасыз ба?
3. Мектеп жайлы сіздің пікіріңіз?
4. Мектеп тәрбиеіне көңіліңіз тола ма?
5. Мектепке жиі келесіз бе?
6. Ата-ана ретінде мектепке қандай көмек бере аласыз?

3. **Жағдаятты талдау**

Мақсаты: Өз балаларының іс-әрекетіне дұрыс бағыт бере білуге баулу.

1-жағдаят. Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Мұғалім ұрысқанын, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?

2-жағдаят. Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақыты келгенде алып беремін» — дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетіп қалды. Сіздің әрекетіңіз?

1-жағдаят. Марат сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатты. Марат сабақты да тыңдамады. Онымен қоса жанындағы оқушыларға да тыныштық бермеді. Мұғалім ескертулер берсе де қорытынды шығармады. Мұғалім оқушының сыныптан шығып кетуін талап етті. Марат үйге келіп шағым айтты. Ата-анасы әй-шәйға қарамай, директорға кіріп айқай шығарды. Ата-ананың бұл әрекеті дұрыс па? Сіз қандай әрекет етер едіңіз?

2-жағдаят. Балаңыз түнімен теледидар көріп, ұйқысы қанбай қалды. Балаңыз: «Басым ауырып тұр, сабаққа бармай-ақ қояйыншы», — деді. Сіздің әрекетіңіз? Кез келген шешімді қабылдауға асығыстық жасауға болмайды. Балаңыз сіздің оның ісіне немқұрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауға дайын екендігіңізді байқайтындай болсын. Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Ата-ана мектеппен байланыс жасамайды, қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Сондықтан да ата-аналар мектеппен байланысты болу керек.

Қорытынды:

Сонымен ата-аналар бала тәрбиесі ең маңызды — мәселе. Ең басты – ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Бүгін міне бала тәрбиесіне байланысты ойларыңызды ортаға салдыңыздар.

Стикер таратылады, әр ата-ана тренингтен алған әсерлерімен бөліседі.
Бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Әкем-біреу, анамда біреу менің,
Мен жығылсам, сүйенер тілеулерім,
Олар барда – мереке. Көрген емен,
Қабақтарын шытқанын түнергенін
Әке – білек, саусағы – балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана – тамыр бойымен бәріне де,
Тіршіліктің жылуы таралады.

Сіздердің аялы алақандарыңызбен, жылы жүректеріңізбен тербеткен әрбір азаматтарыңыз барыс текті, намысты ұрпақ болсын дегім келеді.

L00034 28.11.2020

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ТИЛЕКЕШОВА ЗУЛФИЯ АМАНЖОЛОВНА
Маңғыстау облысы. Бейнеу ауданы." Атамекен орта мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінде Елбасымыз алға қойған, дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары-100 нақты қадам»-баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Білім мазмұнын жаңарту–білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру-жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

«Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Сабақ–мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қала алмайды. Сондықтан қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде.

Қазіргі заман талабына сай сабаққа қойылатын мақсатміндеттерінің ерекшілігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Репродуктивті білім беру кезінде оқушы тек 5 тыңдаушы, орындаушы ретінде көрінген.

Қазіргі таңда оқушыны қалыптастыруға мынадай мақсаттар қойылып отыр:

- ϖ Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- ϖ Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру;
- ϖ Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;
- ϖ Бір-бірінің білімін бағалауға;
- ϖ Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;
- ϖ Тез әрі нақты ойлап,дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту:
- ϖ Талабын ұштап, қиялын дамыту.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі заманда білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті.

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға–оқушының білімін көрсететін нәтиже. Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі болып табылады. Яғни, сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр ұстаздың парызы деп есептеймін. Осы әдістемелік құралдың ішінен мұғалімдер рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығын, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді, қысқа мерзім жоспар үлгілерін, ата-анамен жұмыс түрлерін өз тәжірибелеріне пайдалана алады және түрлендіріп, өзгертулеріне болады.

L00036 28.11.2020

Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді қолдану

ЖЕКСЕНБАЕВА ЛЕЙЛА ЗИНУРОВНА
Ақтау қаласы № 28 жалпы білім беру орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында « *Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»* деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерітерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге,жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен

табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы,мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып,шешімді,саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2.Сенімділікке тәрбиелеу.

3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан?

қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту,танымдық процеске жұмылдырады,актуалдау.Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі.Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін .Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер,екі жақты күнделік әдісі,инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар.Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

- **Сын тұрғысынан ойлау -**ашық қоғам негізі.Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу,сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді.Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясяның дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;

2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.
1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;
2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;
3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.
2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.
Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.
Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:
- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.
Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет.

L00038 28.11.2020

А а дыбысы мен әрпі

ӘБДІМӘЖИТОВА СЫМБАТ САПАРБЕККЫЗЫ
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,«Н. Бекжанов атындағы №13 жалпы орта мектебі» КММ.Бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Сауат ашу
Сыныбы: 1-сыныбы
Сабақтың тақырыбы: «А а дыбысы мен әрпі»
Мақсаты: А а дыбысы мен әрпін таныстыру, алғаш рет танысайын деп отырған әріптеріне келетін сөздерді, дыбысына байланысты буындар мен сөздерді білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Сөздерде қанша әріп, қанша дыбыс бар екенін ауызша үйрету. Сөздік қорларын байыту, тіл байлықтарын дамыту, дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрау қабілеттерін дамыту.
Оқушыларды сыпайылылыққа, жолдастыққа достыққа, бір-бірінің ойын түсінуге бірін-бірі тыңдай білуге тәрбиелеу.
Сабақтың типі: жаңа білімді игеру
Сабақтың түрі: саяхат-ойын сабақ
Әдіс-тәсілдері: сұрақ –жауап, көрнекілік
Технологиясы: сын тұрғысынан оқыту
Көрнекілігі: көкөністер, жемістер, заттық суреттер, А әрпінің баспа, жазба түрлері, себет.
Қажетті құрал-жабдықтар: интербелсенді тақта, бор, тақта.
Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі.
II. Психологиялық дайындық
-Сәлеметсіздерме балалар. Бүгінгі сауат ашу сабағы өзгеше өткелі отыр, оған себеп, бүгін бізге қонаққа Ата-аналарымыз, апайлар келіп отыр. Солармен амандасып алайық.
II. Психологиялық дайындық.
1. Қайырлы таң досым
Қайырлы күн болсын
Жеті күннің әр кезі
Сәттілікке толсын
Біздің алар бағамыз, кілең бестік болсын!

III. Ой қозғау.
Балалар біз бүгін саяхатқа аттанамыз. Саяхатымыз орман болмақ.
Орманды кәне көз алдымызға елестетейікші
(балалар өз ойларын айтады)

Қандай аңдарды білетін едік.
Ал ендеше біз білетін түлкі қандай аң?
Ол барлық аңдарды алдап жүреді. Бір күні аңдар: « Қап бәлем түлкінің сазайын тартқызайын» –деп ақылдасып, түлкінің үйіне баратын жолды бөгеп, өздері тұрып алыпты:
Біз түлкіге көмектесеміз бе?
Олай болса түлкіге кедергі келтіріп тұрған аңдардың тапсырмасын орындап түлкіге көмектесейік.
1-ші аң түлкіге кездескен – қасқыр
Қасқырдың тапсырмасы: Қандай зат артық.
кітап, дәптер, қалам –оқу құралдары
доп – ойын құралы
ұшақ, автобус, машина- көліктер
көйлек- киім
төрт түлік- жолбарыс-
ыдыс-аяқ-банан
Қасқырдың сыйластық жақсы сөзі: «Жолың болсын!»
-келесі кедергіде тұрған аң-кірпі.
Ол «төрт түліктің төлін тап » деген тапсырма:

Қойдың тапсырмасы:

қой –қозы	1) буынға бөлу, сөйлем құрау
жылқы-құлыншақ	2) жылқының пайдасы
сиыр-бұзау	3)
ешкі-лақ	4)
түйе-ботақан	5)

Сыйластық сөзі: «Саған сәттілік тілеймін»
Келесі кезекті аң – аю
Аюдың тапсырмасы: «Ажырату»
оқушылар мына жерде күз мезгілінің байлығы жемістер мен көкөністер бар, бірақ ол қай сабетке барарын білмей тұр? Кәне ажыратайық

Ортақ қасиет
Дәруменге бай
Денсаулыққа пайдалы
Адамның ағзасына пайдалы

Аюдың сыйластық сөзі: «Рахмет сау бол!»
-оқушылар біз жаңа қандай аңның тапсырмасын орындадық? – дұрыс аюдың.
Мына себеттегі жемістердің атын атаңдаршы?
- алма, алмұрт, алхоры
Олай болса бүгінгі танысатын алғашқы әрпіміз **А** әрпі болмақ.

Қане кітапқа қарайық, ненің суреті- алма, алмұрт, ананас.
-А әрпі қандай дыбыс деп?
-А дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында да кездеседі.

А дыбысы

сөздің басында қызыл үйге кіреді
ортасында соңында
Дыбысты біз айтамыз, естиміз.
Әріпті біз жазамыз, көреміз.

Сергіту сәті. Қара жорға биін билеу.

Оқушылар серігіп болсақ қане А дыбысының таңбалануымен танысайық, таңбасын біз әріп дейміз.
Әріптің баспа жазба түрі бар, біз мектеп алды даярлық тобында баспа түрімен таныстық. Енді жазба түрімен танысамыз.

А әрпін енді кәне мен тақтаға салып көрсетемін сендер соны мұқият қараңдар:
Жоғарыдан -оң жаққа қарай имектелген көлбеу
- сол жаққа қарай имектелген көлбеу
белін қысқа сызықпен сызамыз – **бұл бас әріп.**
Толық құрсау дөңгелектенген және имектелген көлбеу сол жаққа қарай
А-бас әрпімен сөйлемнің басында, адамның аты, қаланың аты келеді, кіші әрпімен сөйлемнің соңында, ортасында жазамыз.

Ауа жазу, санағышпен құрастыру, тақтаға жазу.

Дәптермен жұмыс. Жазу кезінде кеудені тік көтеріп дәптерді қиғаштап, қаламды дұрыс ұстап жазамыз.

-Балалар А дыбысынан келетін біздің сыныпта ұл-қыздар бар ма?
Қане тақтаға бері қарайық. А әрпін бекіту.
асық балапан тырна
Ұйқасын тап.
Айбат шегер алыстан,
Аң патшасы **арыстан**
Түлкі үйіне келді, жетті сіздерге алғыс айтты.

Ойын: «Сиқырлы қалпақ» егер уақыт қалса бастарына кигізу арқылы а-ның ортасында, соңында, басында келетін сөздер айту.

Мадақтау, бағалау.
Алма ағашынан алма теріп балаларға тарату. Сабаққа жақсы қатыстыңдар!
Сау болыңдар!

L00042 28.11.2020 ж

А.Байтұрсынов.Балықшы мен балық
Әдебиеттік оқу (Ертегі)

КОСАНОВА КАМИЛА МАХМЕТОВНА
СҚО, Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Бестерек орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Сабақтың мақсаттары:
1) Оқушыларды А.Байтұрсыновтың «Балықшы мен балық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру.
2) Оқушылардың оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауын,есте сақтау, салыстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
3) Жақсы мен жаманды ажырата білуге,әр нәрсенің қанағаты болатынын ұқтыру, адамгершілікке тәрбиелеу.
Сабақтың әдіс – тәсілі: Сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегиялары
Стратегиялар: автор орындығы,екі түрлі түсініктеме күнделігі,венн салыстыруы
Түрі: Ертегі сабақ
Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту
Сабақтың барысы



I.Ұйымдастыру кезең. Психологиялық дайындық.
Жақсы бала еңбекшіл
Ер азамат болады.
Қиындықты жеңіп кіл,
Құшағы гүлге толады.
Еңбекшіл осындай,
Болайықшы досым – ай.

- *Оқушылардың назарын сабаққа аудару.*

-Бүгін бізде ертегілер елі қонақта.Олай болса,балалар,ертегілер елінде болатын «Ертегі сабағымызға» қош келдіңіздер!

- *Балалар, «Алтын балық » туралы ертегі тыңдағыларың келе ме ?*

Ертеде өте кедей балықшы бала болыпты.Ол ұстаған балығын тамақ қылып өзінің еңбегімен күнелткен екен.
Бірақ соңғы уақыттарда оның құрған торына ешқандай балық түспей бала әбден қиналған екен.Бір күні баланың құрған торына анау – мынау емес алтын балық түсіпті. Бала қатты қуанып балықты қуырып жемекші болғанда алтын балық: ей,балақай егер мені босатсаң мен саған күнде таңертең бір сыйлық жасап тұратын боламын деп сөйлеп қоя беріпті.Қарны аш бала

балықты босатқысы келмепті.Сонда балық:ол жай ғана сыйлық емес.Сыйлықтар сені бар бақытыңа жеткізетін болады.Ол үшін сен тапсырмалар орындап отыруың қажет – дейді.Бала әрі ойланып,бері ойланып балықтың қойған шартына көніпті.Таңертең ұйқысынан тұрған бала есіктің алдында құлыптаулы сандықты көреді.Оның іші толған ақша еді.Сандық ашылу үшін мынандай тапсырма бар екен: «Оқу мен еңбек - егіз» дегенді қалай түсінесің?

- *Кәне,балалар,балықшы балаға кім көмектесе алар екен?(оқушылардың жауабы тыңдалады)*
- *Өте жақсы жауап беріп балаға көмектескендеріңе рахмет.*

Келесі күні есіктің алдында сыртында суреті бар үлкен кітап (кітап,мұқабасында А.Байтұрсыновтың суреті) тұрады.Егер бұл кітаптың тапсырмасы орындалса,бала білімді болады екен.Оқу,білім,еңбек адамды бар бақытқа жеткізеді.

Тапсырма: Кітаптың сыртындағы суреттегі кім?
Және оның «Оқуға шақыру» өлеңін жатқа айтып бер.(Оқушылардың жауабы тыңдалады.)

Мұғалімнің қосымша түсіндірмесі:
А.Байтұрсынов 1872 – 1937 жылдары өмір сүрген.Қоғам қайраткері, ақын, лингвистік аудармашы,ағартушы ғалым,ұлт ұстазы.Қазақ тілінде тұңғыш Әліппені жазған.Балаларға арнап та бірнеше өлеңдер жазған.Бұл жолы да балықшы балаға жақсы көмектестіңдер. Осылай күнде сыйлық алған балықшы бала бақша мұратына жетіпті.
Бүгін А.Байтұрсыновтың: «Балықшы мен балық» ертегісімен таныс боламыз.

- *Ертегі – қиял мен арманға негізделген шығарма.Ертегілер әңгіме,өлең түрінде айтылады,жазылады.Онда халықтың арманы,әдет – ғұрпы,мұңы баяндалады.*

ІІІ.Жаңа сабақ.

1.Қызығушылықтарын туғызу.



*Бүгінгі біздің сабағымыздың ой ашары:«**Азға қанағат етпесең,көптен құр қаларсың».**Сөйлемнің мағынасын түсіндіру.*

Қазір мына суретке назар аударыңдар.
Сурет балықшы мен балық жайында.Сондықтан әр топқа тапсырма беріледі.
Стратегия: «Автор орындығы».

Әр топтан бір оқушы автор орындығына келіп құрастырған ертегісін айтып береді.

I – топ: Суретке қарап өз ойынан ертегі құрастырып айтады.
II – топ: «Егер мен балықшы болсам...»
III – топ: «Егер мен балық болсам...»
IV – топ: Осы тақырыпқа сәйкес келетін сурет салады.
Әр топтан келісіп бір оқушы шығып,өз тақырыптарын қорғайды.

***2.Мағынаны тану**.*

1.Ертегінің мазмұнын айтып беру.
- Бұл ертегі сендердің құрастырған ертегілеріңе ұқсай ма? Мәтінде не туралы айтылған?
- Балықшы балықтың айтқанымен неге келіспеді?
- Сен балықшының орнында болсаң не істер едің?
«Көп пайдадан дәметіп,аз пайдадан айырылу ақылдының ісі емес» - деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесіңдер?
- Балықшы бала туралы айтылған ертегіден айырмашылығы неде?
2.Венн диграмасын құрайық.Екі ертегіні салыстырайық
алтын балық ортақ қасиеті балықшы мен балық
-«Балықшы мен балық» ертегісінің негізгі идеясы,автордың айтайын деген ойы не деп ойлайсыңдар?

***3.Ой толғаныс:**«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясын пайдалану.Яғни балықшы мен балықтың іс -әрекетіне байланысты. Оқушылар вертикаль сызықпен бөлінген бөліктің оң жағына мәтінді оқу барысында қатты әсер етken тұстарды жазады.*

Қатты әсер етті	*пікірім*

Бөліктің сол жағына:сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады. Күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. Топтан бір оқушы шығып жауабы тыңдалады.
IV.Мәтінді мәнерлеп рөлге бөліп оқиды.
V.Үйге тапсырма:Еркін жазу: ертегі құрастырып келу.
VI.Оқушыларды бағалау.
VII.Сабақты қорытындылау.

L00028 28.11.2020

Тарих сабағында оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану жолдары

ЕРКАЛИН КАНАТ ЖАНЗАКОВИЧ
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Баян ауылы
«Баян жалпы орта білім беру мектебі»КММ.Тарих пәнінің мұғалімі

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауының негізгі тірегі - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөлді.

ҚР «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамды қалыптастыруға дамытуға және оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағымы күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып табылады. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегін де болжай алады. Белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтпағандары кем де кем. Әбу – насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың ең басты кітабы» - дейді. Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану оқушы белсенділігін арттыруда зор маңызды. Оқытудың жаңа технологиялары:

1. В.Ф.Шаталовтың технологиясының басты мақсаттары:

- Оқушының білім беру дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың барлығын оқыту;
- Жеделдете оқыту;

Принциптері:

- Үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, ірі блоктар бойынша оқыту, тірек сигналдарын пайдалану;
- Жекелей әрекет жасау;
- Ізгіліктік (барлық балалар дарынды);
- Мәжбүрсіз оқыту;
- Түзетуге, өсуге, жетістікке жетелеу, жетістігін жариялау, шиеленіссіз оқыту;

Мазмұндық ерекшеліктері:

- Оқу материалы ірілендіріп беріледі;
- Блоктық түрде беріледі;
- Оқу материалы тірек үлгі – конспекті түрінде беріледі;

Тәрбиелік мәні:

- Еңбекке қатыстырылады;
- Еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді;
- Оқушының еркі дамытылады;
- Өзіндік танымдылығы, жауапкершілік, адалдық, жолдастық, қасиеттері қалыптасады.

Әдістеме ерекшелігі:

Теориялық блогі – Бағыттылық негізі (БН) – ақпаратқа кіріспе (түсіндіру) – айту – үйде өзіндік жұмыс орындау, І-қайталау (тірек сигналы конспектісін жаппай
қабылдау), ІІ-қайталау (түсінгенін сұрау),
ІІІ – қайталау (өзара бақылау)
Тәжірибе блогі – тәжірибелік жұмыс (жаттығу) – есеп шығару (жаттығу) – қорытынды: оқушылар білім беру дағдыларын және ойлау қызметінің әдісін жүйелі қолдану.

2. Ж.А.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы – нәтижеге бағытталған білім беру құралы.

Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі: біріншіден, оқушының психологиялық танымы, екіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыда намыс оты оянады, басқалардан қалып қалмауға тырысады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені ол оқушының ойлау қабілетін, ынтасын, белсенділігін көтереді. Әр оқушының оқушылық деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының мақсаты:

- Мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі білуі;
- Тиімді шешімді табуға үйренуі;
- Оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез –келген жағдайда шешуі;
- Ішкі өзіндік қажеттілігін қанағаттандыратын;
- Әлемдік білім кеңістігінде көріне алатын;
- Шығармашыл іс - әрекет жасай алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының ерекшелігі: Оқушы
білімі анық бағаланады. Белсенділігі артады. Ой еңбегі жетіледі. Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді. Өзіне - өзі деген сенімділігі артады. Өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға тәрибелейді. Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмталады, қызығушылығы артады. Зер сала қарасақ, оқушының білімді қабылдау деңгейі сыни баға беруге дейін көтеріледі. Технологияның тиімділігі мен ерекшелігі де осында.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы бойынша «Ғылыми мен білімнің дамуы» тақырыбындағы сабақта деңгейлік тапсырма – сұрақтар беру арқылы сабақты қорытындыладым.

Бірінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қала: Отырар
2. Жүсіп Баласағұн дүниеге келген қала – Баласағұн
3. Махмуд Қашқаридың шын аты: Махмуд Хусейн ибн Мұхаммед
4. Ахмет Иүгнекидің шын есімі: Әбід Ахмет Махмұдұлы
5. Қожа Ахмет Иасаудің дүниеге келген қаласы: Сайрам

Екінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Жүсіп Баласағұнидің атақты еңбегі: «Құт негізі – білік»
2. Ахмет Иүгнекидің бізге еңбегі: «Құт негізі – билік»
3. Қожа Ахмет Иайсаудің әкесі, атақты ғұлама ғалым: Ибраһим
4. Қожа Ахмет Йасауден қалған ұлы мұра – «Даналық кітабы» немесе «Диуани – и хикмет»
5. Мұсылман дінінің енуіне байланысты пайда болған ғимарат – Мешіт

Үшінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

1. Шығыстың аса көрнекті ғылымы Әбу Насыр әл – Фараби шығармаларын қай тілде жазды? Араб тілінде
2. Өз еңбектерінде адам дүниені және оның мәнін өзінің сезім мүшелері мен ақыл – ойы арқылы таниды деп түсіндірген ғалым: әл – Фараби
3. Махмуд Қашқаридың еңбегі қалай аталады? «Диуани лұғат ат – түрік»

4. Жүсіп Баласағұни «Құтадғу негізі – білік» еңбегін Баласағұнда бастап қай қалада аяқтаған? Қашқарда аяқтаған
5. Қожа Ахмет Йасаудің жолын қуған шәкірттерінің бірі – ғұлама ақын, ел ішінде Хакім ата аталған: Сүлеймен Бақырғани

Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясы. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясының мақсаты: білімді, ұлттық заңдылықтарды бағалай білетін ұстамды, алғыр, жан – жақты дарынды, шығармашылық ізденіс, зерттеу жұмысын жүргізе алатын тұлғаны қалыптастыру. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру тенхологиясын Қазақстан тарихы пәнінен қоғам қайраткерлерінің өмірі туралы, дүние жүзі тарихы пәнінен әр мемлекет бойынша тақырыптарды өткенде берілген талдау бойынша жаңа сабаұты түсіндіру кезеңінде пайдалану өте тиімді. Сабақ құрылымын жиі өзгертіп отыру – оқушылардың ойлау қабілетіне, өз ойын қорыта айтуға, тарихи деректермен жұмыс істеуге қозғау салады. Пәнге деген қызығушылығын туғызады. Пән бойынша жақсы нәтижеге көрсеткішіне жеткізеді.

«... Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қала алмайды. Бұл – ұзақ үрдіс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі....» деп айтқан тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағам келіп отыр.

L00029 28.11.2020

Мектептің тәрбие жүйесі түсінігі, мәні және атқаратын қызметі

АХМЕТЖАНОВА РИММА ВАГИЗОВНА
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Баян ауылы
«Баян жалпы орта білім беру мектебі»КММ.
Тәрбие ісінің меңгерушісі

Мектептің тәрбие жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы көптеген объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен жүретін ұзақ мерзімді және күрделі процесс болып табылады. Сонымен қатар ол оқу орнының қызметі мен айналадағы әлеуметтік ортаға мәнді өзгерістер ендіреді. Оның нәтижесі көп жағдайда мектеп өмірінде нені, қалай қашан өзгерту қажетігін анықтай білуге байланысты. Қателеспес үшін ең алдымен оқу орнының бүгінгі жағдайы мен келешектегі бейнесін нақты елестете болжай білу өте маңызды.

Мектептің тәрбие жүйесінің дәл бүгінгі таңдағы және келешектегі бейнесінің үлгісін жасау оның қалыптасуы мен дамуы жағдайында қажет болып табылады. Үлгі ретінде философ В.А.Штофтың пайымдауынша, зерттеу объектісінің бейнесі мен елесін таныта отырып, оны алмастыра алатын, яғни оның зерттелуі сол объекті туралы жаңа ақпарат беретін ойша көрініспен материалдық тұрғыда бұрын қолданылған жүйені түсінуіміз керек

Академик В.Д.Афанасьев үлгінің негізгі сапаларын атай отырып, оған мыналарды жатқызады:

– түпнұсқаның –жүйеге ұқсас сай келуі;

– мақсаттылық, яғни оның параметрлерінің жүйе алдына қойылған мақсатпен, күтетін нәтижелерімен сәйкес келуі;

– субъектілік бағалау қатынасына және үлгіні жасаушыларға бейтараптық қатынаста болу;

– түпнұсқаның- жүйенің параметрлерімен және кейбір детальдарымен алшақтау.

Үлгі обьектінің немесе құбылыстың белгілі бір жеңілдетілген, схемаландырылған көрінісі болып табылады. Ол үлгіні жасау процесі-ерекше таным тәсілінде жасалды, яғни жүйе зерттеу объектісінің үлгісінде көрініс табады.

Философтардың әлеуметтік құбылыстар мен объектілердің үлгісін жасау проблемалары жайлы көзқарастары мектептің тәрбие жүйесінін үлгісін жасау жолдарын анықтауға көмектеседі. Үлгі жасау процесінде тәрбие жүйесінің мәні мен маңызды сапаларының тең келтіру үлгісін жасалуы тиіс.

Жасалатын үлгіде тәрбие процесінің субъектілері мен тәрбие жүйесінің компоненттері жайлы түсініктері, жүйе жасаушы факторлар мен байланыстар, жүйенің құрылымы мен қызметінің соңғы және арлықтағы нәтижелері оларды қадағалау мен белгілеп отырудың әдістері туралы түсініктері жинақталуы қажет. Үлгі жасауда қолданылған технологиялар тәрбие жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық кешенінің біртұтас үлгісін жасауға мүмкіндік туғызуы керек, яғни оқушылардың сабақта және сыныптан тыс әрекеттерін өзара байланыстыратын, мектептің, отбасының және әлеуметтік ортаның тәрбиелік күшін кіріктіретін, инновациялық процестер мен дәстүрлі формалардағы әрекеті біріктірілген, жүйенің қызметіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың сипаты мен тенденциялары анықталған, әрі ескерілген болуы керек.

Тәрбие жүйесінің үлгісін жасау-бұл жүйелі білім беру үлгісін жасау процесі. Мұны әрі тәрбие жүйесін танып білу тәсілі ретінде де, әрі жүйені басқарудың маңызды компоненті ретінде келешекте де- оның қызметі мен даму сатыларында да оның элементтері, байланыстары мен құрылымын өзгеріске ұшырап жатқанда да қажет деп қарастыру керек.

Үлгі жасау процесі кезінде шартты түрде 3 кезеңді бөліп алуға тура келеді:

I кезең - мектеп бейнесін жасау.

II кезең-оқу орнының тәрбие жүйесінің бір үлгісіне мектептің осы бейнесін ендіру.

III кезең- оқу мекемесінің тәрбие жүйесі үлгісі мен мектеп бейнесін нақтылайтын аздаған өзгерістер ендіріп өңдеу.

Тәрбие жүйесінің үлгісін жасау процесін кезең-кезеңімен қарастырамыз және әр кезеңдегі педагог, оқушы, ата-аналардың бір мақсатқа бағытталған бірлескен тіршілік әрекетінің формалары мен әдістерін анықтаймыз.

Бірінші кезең- мектеп бейнесін жасау. Ол өте күрделі және ұзаққа созылады. Мектеп бейнесін жасау-бұл педагогтардың, оқушылардың, ата-аналар мен өзге де әлеуметтік орта өкілдерінің мектептің тәрбие жүйесінін нақты немесе болжамды үлгісін жасауға және оның құрылымы мен дамуының жолдарын, субъектілері мен құралдарын анықтауға кіріктірілген мүмкіндіктері. Мектеп бейнесі тәрбие жүйесінін компоненттері мен өзара байланысқан бірнеше құрамынан тұрады.

3. Тәрбие жұмысы-бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған мақсатты іс-әрекет. Педагог -тәрбиешінің есінде ең алдымен тәрбиешілік және дамытушылық іс-әрекет, ұжымды ұйымдастыру және дамыту, оқушы тұлғасының қалыптасу мәселесі тұруы керек.

Қазіргі мектептің жалпы даму тенденциялары тәрбие жүйесінің болуы, әр мектептегі тәрбие жұмысын атқаруда түрлі әлеуметтік институттардың өзара қызмет бөлісіп алуан, тәрбиешілер қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын, олардың функцияларын қайта қарауды талап етеді.

4. Мектептегі іс-шаралардың маңызы ерекше. Мектепте ұйымдастырылатын іс-шаралардың мақсаты оқушылардың дүниетанымын дамытып, қалыптастыру, өмір жайлы түсінігін жетілдіру, мектептегі іс-шаралар оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, мектепке деген жағымды эмоция қалыптастыруы тиіс. Мектептік іс-шаралар дарынды, жігерлі, оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне, өз орнын түсінуге, ерік жігерін шыңдауға бағытталуы керек. Оқушыларға жалықпай еңбектенсе, оның нәтижелі болатынына сенім қалатын осындай іс-шаралар арқылы олардың көзін жеткізуге болады. Мектеп оқушыларының үлгілі-өнегелі болуы немесе тәртіп бұзуы тәрбие жұмысының сапасына байланысты.
Мектептегі оқу-тәрбие істерінде іс-әрекеттің барлық түрлері кешенді түрде іске асырылады. Әр оқушы өз таңдауымен, қалауымен, еркімен атқаратын қоғамдық істерді таңдайды. Мұғалім әр оқушының ішкі қажеттілігін ескереді.

K00030 26.11.2020ж.

Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері».

ОРЫМБАЕВА МАХАББАТ МАРАТОВНА
Шымкент қаласы. Еңбекші ауданы.
№ 38 "Қуаныш" бөбекжай-бақшасы тәрбиеші

Мақсаты:Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру.Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып,оларды бір-бірінен ажырата білуге ,тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру.Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу..

Көрнекіліктер: бөлме өсімдіктерін күтуге қажетті заттар (сүрткіш,су құйғыш, су құятын ыдыс ,алжапқыш),үлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: қазтамақ, дәрілік өсімдіктер**.**

Билингвальды компонент:
өсімдіктер-растения,жапырақтар-листья,сабақ-стебель.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аударады. -Мыналар нелер? -Гүлдер не ішінде өсіп тұр?	Педагогтің сұрақтарына жауап береді. —Гүлдер. -Құмыра ішінде өсіп тұр.

	-Мұндай гүлдерді қалай өсіреміз -Дұрыс,бұл гүлдер бөлмеде өседі. Сондықтан оларды бөлме өсімдіктері деп атайды.Бөлме өсімдіктері ауаны тазартады.	-Үйде ,топта өседі.
Ұйымдастыру - іздестіру	**Білімді өзектендіру.** -Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын ,ал сендер қандай өсімдік екенін тыңдаңдар. -Жапырақтары сопақша,үлкен,түсі қою жасыл.Бұл қай өсімдік? (Фикус гүлін көрсетеді) -Бүгін сендер жаңа бөлме өсімдігі-хош иісті қазтамақпен таныстырамын. Қазтамақтың сабаға жасыл,шырынды,сабағынын бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі. Оның гүл шоғырлары хош иісті және әртүрлі түсті болады,бірақ көбіне қызыл гүлі бар қазтамақтар көп кездеседі. **Билингвальды компонент:** өсімдіктер-растения,жапырақтар-листья,сабақ-стебель. **Тыныс алу жаттығуы:** «Гүлдердің хош иісі».	Айтылған сипаттама бойынша фикусты табады. Мұқият тыңдайды. Қайталайды. Қазтамақ гүлінің иісін иіскеп,тыныс алу жаттығулуарын орындайды.
	-Қазтамақтың хош иісін сезіну үшін терең тыныс алайық. -Қазтамақ-дәрілік өсімдік.Одан дәрілік майлар жасалады.Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді.	Қазтамақ пен фикусты салыстырады.Сабағы мен жапырақтары әртүрлі екенін айтады.

	-Балалар,қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық. -Фикус қандай күтімді қажет етеді? Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді? -Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз? (Жапырақтары ауаны тазартады) -Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіңдерші. -Су құйғыштың тұмсығын гүл ыдысының шетіне салып,суды шашыратпай суару керек.Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп-баптау керектігін түсіндіреді. **Сергіту сәтін өткізу:** *Біз гүлдерше өсеміз,* *Жапырағы жайқалған.* *Сабақтары салады,* *Жел күшімен шайқалған.* **Таңғажайып сәт.** Есік қағылып,бөлмеге дәрігер Салауат кіреді. -Сәлеметсіңдер ме,балалар! Мен мейірімді Салауатпын.Таңертең маған көжектер келіп,құлақтарының ауырып тұрғанын айтып еді.Ал менің дәрі салғышымда дәрілер таусылып қалыпты.Балалар,сендердің топтарында дәрілік өсімдіктер бар ма? -Балалар,сендерге үлкен рақмет!Сендер маған көмектестіңдер,енді мен өз	-Фикус гүлінің жапырақтарын сулы шүберекпен сүртеді. Қазтамақ пен фикусты күту жолдарын айтады**.** Қолдарын жоғары көтереді,шайқайды .т.б Дәрігер өсімдіктер бар екенін,оның ішінде қазтамақтың атын атайды Балалар дәрігер Салауатқа қазтамақ гүлін береді,онымен қоштасады. Тапсырманы орындайды,жауап береді.

	достарымды емдеп аламын.Сау болындар! **Үлестірмелі материалдармен жұмыс орындатылады.** **«**Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер**?»** сұрағына жауап беру.	
Рефлексивті-түзетушілік	Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерін қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Нені біледі:
бөлме өсімдіктерін бір-бірінен ажырата білуге арналған тапсырмаларды**.**
Қандай түсініктерді игерді:
табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы мәліметтерді.
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:
бөлме өсімдіктерін күте білу дағдыларын іс жүзінде

К00027 26.11.2020 ж

Тақырыбы: «Көліктер»

САМ ГҮЛАЙЫМ САХАВАДИНҚЫЗЫ
Қызылорда облысы.Сырдария ауданы. Шіркейлі ауылы
№ 15 «Нұр бақыт» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету.
Көрнекілігі: көлік түрлерінің суреттері, ойыншық машина түрлері, бағдаршам, слайд.
Сөздік жұмыс: машина, ұшақ, пойыз, қайық.
Билингвальды компонент: машина- машина-car, ұшақ- самолет-plane, пойыз-поезд- train, қайық- лодка- boat, көлік-1 транспорт.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	- Балалар сендер күннен күнге әдемі, ақылды болып өсіп келесіңдер. Сендер барлық жақсылықты бойларыңа сіңіріп Қазақстанның үлгілі азаматы болып өсулерің керек, солай ма?	-Ия
	- Олай болса бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастайық.	-Балалар өлең
	Жылулық шеңбер	жолдарын
	-Сәлем, саған алтын күн!	қайталайды
	-Сәлем, саған көк аспан!	
	-Сәлем, саған жер ана!	
	-Сәлем, саған достарым!	
	-Сәлеметсіздер ме, қонақтар	
Ұйымдастырушы-ізденуші	- Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.	
	- Көлік дегеніміз не?	
	- Ол адамға неге қажет?	
	- Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?	Балалардың жауабы

Рефлексивтік-түзетуші	- Ал енді, мен жұмбақ жасырамын. Жұмбақтар 1. Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер. 2. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте 3. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. 4. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды. - Балалар, мына суреттерге қараңдаршы. Көліктердің қандай түрлері болады? Әңгіме: «Көліктер». Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар: 1. Әуеде ұшатын көліктер: 2. Суда жүзетін көліктер: 3. Жерде жүретін көліктер: 4. Темір жол көліктер: Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық. Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап тапқан. - Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты. - Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме? - Ал қайықпен ше? - Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте	-Жұмбақтардың жауабын шешеді - Пойыз - Ұшақ - Қайық - Машина - Балалар суреттерге қарап көліктердің түрлерін айтады. - Ұшақ, тікұшақ, зымыран - Кеме, қайық, -Жедел жәрдем, өрт сөндіру, жеңіл машина -Трамвай, пойыз -Балалардың жауабы. -Әуенді қайталап, іс-қимыл жасайды. -Бағдаршам. Асел - Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға.

	ойластырып тапқан. -Ал енді, балалар, сергіту сәтін жасап бір сергіп алайық. Сергіту сәті Дидактикалық ойын: «Бағдаршам» ойыны Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? - Бағдаршам туралы кім тақпақ біледі? - Жолда жүру тәртібі не үшін қажет ? - Ал, машина туралы тақпақты кім айтады? Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балалар бір адым артқа, сары түсі көтергенде орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түсі көтергенде, бір адым алға жылжиды. Көліктердің түрлерін ажырата білу. Слайд арқылы көрсетіледі. -Балалар, жедел жәрдем көлігі кімдерге қызмет етеді. -Жол полициясы қандай қызмет атқарады? -Өрт сөндіретін машина қандай қызмет көрсетеді? -Автобус, пойыз, ұшақ не үшін керек? -Дұрыс айтасыңдар, машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады? -Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз? -Ұшақты кім басқарады? Жарайсыңдар балалар. Ал енді, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс- әрекетімізді құрастыру сабағымен жалғастырайық. Топтағы балаларды	Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба. -Жол апаты болмау үшін. Ерасыл -Бип-бип,бип дейді. Жолдан былай кет –дейді. Күшікті басуға, басуға, Болмайды, болмайды машина. Бип-бип-бип -Балалар қызыға ойнады, ойын бірнеше рет қайталанады. -Балалардың жауабы. -Ауырып қалғандарға. -Жол тәртібін қадағалайды. -Өрт болған жағдайда. -Ұзақ сапарға . шыққанда керек. - Жүргізуші. - Машинист. - Ұшқыш

	 4 - топқа бөлемін. 1–топ «Теңізшілер» тобы. 2-топ «Темiржолшылар» тобы. 3-топ «Ұшқыштар» тобы. 4-топ «Жүргізушілер» тобы «Көлік құрастыру». Қиылған дайын көлік суреттерін үлгіге қарап, құрастырады. Ұжымдық жұмыс. Геометриялық пішіндерден машина жапсырып, түстерін және пішіндерін сұраймын. (Тіктөртбұрыш, төртбұрыш, шеңбер). Қорытынды: -Көліктің қандай түрлері болады? -Адамға көлік не үшін қажет? -Жолда жүру тәртібі не үшін қажет? -Не құрастырдыңдар, балалар? Жарайсыңдар, балалар! Осымен бүгінгі іс- әрекетіміз аяқталды. Балаларды мақтау-мадақтау.	Балалар қандай көлік түрін құрастырғанын айтып, талдайды. Балалар пішіндерді орнына қойып, түстерін ажырата біледі. Балалардың жауабы. -Су, жер, темір жол,әуе көліктері. -Алыс жерлерге бару үшін керек. -Жол апаты болмау үшін. -Көлік түрлерін

Күтілетін нәтиже:
Нені білді*:* Көлік түрлерін ажыратып, қызметін біледі.
Нені игерді*:* Барлық көліктер адамға қызмет етеді. Көліктің түрлерінің өзгеріп, көбейюі адамның қиялына, шығармашылығына байланысты екен.
Меңгерді*:* Көліктердің сыртқы құрлысы мен қызметіне қарай ажыратады. Жолда жүру ережелерін сақтауды.

МАЗМҰНЫ

- ТЛЕУМАГАНБЕТОВА ГУЛМИРА УТЕГЕНОВНА
- ШАРИПОВА ЭЛЬВИРА ТАНАТАРОВНА
- БАСАРОВА МАДИНА ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ
- ТИЛЕКЕШОВА ЗУЛФИЯ АМАНЖОЛОВНА
- ЖЕКСЕНБАЕВА ЛЕЙЛА ЗИНУРОВНА
- ӘБДІМӘЖИТОВА СЫМБАТ САПАРБЕККЫЗЫ
- КОСАНОВА КАМИЛА МАХМЕТОВНА
- ЕРКАЛИН КАНАТ ЖАНЗАКОВИЧ
- АХМЕТЖАНОВА РИММА ВАГИЗОВНА
- ОРЫМБАЕВА МАХАББАТ МАРАТОВНА
- САМ ГҮЛАЙЫМ САХАВАДИНҚЫЗЫ